

ҚАРАЛДЫ:

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Күләш Байсейітова атындағы дарынды
балаларға арналған РММОМИ» РММ
педагогикалық кеңесінде 08.01.2025ж.
Хаттама № 4

БЕКІТЕМІН:

ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінің «Күләш Байсейітова
атындағы дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ директоры
Абдрашев Б.Т.



№ 25

15.04.2025 ж.

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған музыка орта мектеп-интернаты»
республикалық мемлекеттік мекемесінің
2025-2030 жылдарға арналған даму**

БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы 2025 ж.

Бағдарлама мазмұны:

1. Кіріспе.
2. Бағдарлама паспорты;
3. Мектепті дамыту перспективаларын сипаттау;

Бағдарламаның талдамалық және болжамдық негіздемесі блогы

1. Негізгі проблемалар мен олардың себептерінің ағымдағы қызметінің жай-күйін талдау;
2. Мектептің инновациялық әлеуетін бағалау;
3. Педагогтердің және олардың кәсіптік бірлестіктерінің мектепті дамыту перспективалары мен бағыттары туралы пікірін зерделеу;
4. Мектепте ұсынылған өзгерістердің күтілетін салдарларын болжау, өзгерістерді өткізу тәсілдері мен нысандарын ұсыну;
5. Оқу процесінің мазмұнына қанағаттану дәрежесін зерделеу үшін білім алушылардың ата-аналарына сауалнама жүргізу және сұхбат алу;

Бағдарлама тұжырымдамасы. Бағдарлама көздейді:

1. Өзектілігі (анықталған проблемаларды шешуге және белгіленген мақсатқа жетуге бағытталуы);
2. Шынайылығы (қолда бар ресурстарды ескере отырып білім беру ұйымының мүмкіндіктері);
3. Кешенділігі.

Бағдарлама миссиясы

1. Білім беру қызметтерін тұтынушылардың барлық мүдделерін ескере отырып, білім беру ұйымының мақсатын стратегиялық нысаналы орнату;
2. Білім беру ұйымы қызметінің бірегейлігі.

Бағдарламаның стратегиялық блогы

1. Қазақстанның орта білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымының орны мен рөлі;
2. Болашақта тиімді жұмысты қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымын дамыту стратегияларын таңдау және кезеңдерін болжау;
3. Мектептің инновациялық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу.

Бағдарламаның қойылған мақсатына жету жолдары

1. Бағдарламаны іске асыру жоспарын әзірлеу;
2. Бағдарламаны іске асыру бойынша іс-қимылдарды ұйымдастыру және үйлестіру, оның мақсаттарына, міндеттеріне уақтылы және толық қол жеткізу және күтілетін нәтижелерді алу.

Бағдарламаны іске асырудың күтілетін нәтижелерін сипаттау

1. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қол жеткізілетін мектептегі оң өзгерістер;
2. Күтілетін нәтижелер Бағдарламаны іске асыру мерзімі аяқталғанға дейін сапалық және/немесе сандық мәнде тұжырымдалады.

I.1 Кіріспе

Бұл Бағдарлама – өзін-өзі дамыту әлеуетін ескере отырып, қазіргі заманғы мемлекеттік білім беру саясатының логикасында 2025 жылға дейінгі кезеңге мектепті дамытудың жолдары мен негізгі бағыттарын айқындайтын стратегиялық құжат болып табылады.

Мәдениет деңгейі мен мәдени әлеуеттің өсуі елді дамытудың негізгі басымдықтарының қатарына жатады. Табыстың маңызды өлшемдерінің бірі – музыкалық мәдениеттің даму деңгейі және осы салада тиімді жұмыс істейтін, жоғары білікті музыканттарды дайындайтын, ұлттық және әлемдік мәдени мұраны сақтау мен байытуды, жемісті мәдени алмасуды және тұлғаның рухани-шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарының болуы.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясына сәйкес, 7 ұзақмерзімді басымдықтың бірі – заманауи білім беру жүйесінің, кадрларды даярлау және қайта даярлаудың негізгі бағдарлары ретіндегі білім және кәсіби дағдылар болып табылады. Осыған байланысты ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық орта мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» РММ музыкалық дарынды оқушыларды сапалы оқытуды, тәрбиелеуді және кәсіби даярлауды маңызды стратегиялық міндет ретінде айқындайды. Мектептің қызметі елдегі кәсіби музыкалық мәдениеттің даму перспективаларын алдын ала айқындауға мүмкіндік беретін музыкалық дарынды балаларды оқыту саласындағы бірінші кезектегі міндеттерге сәйкес әртүрлі музыкалық аспаптарда орындаушы оқушыларды даярлауға жүйелі көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған.

Тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесіндегі Күләш Байсейітова атындағы мектеп дарынды балалармен жұмыс істеуде отандық дәстүрлердің қалыптасуына және танылуына ықпал ететін даму жолынан өтті. Мектепті дамытудың Стратегиялық жоспарына сәйкес нысаналы тәсіл мен жүзеге асырылып жатқан шаралар, сондай-ақ құзыретті басшылық оқу орнының үздіксіз және ілгері дамуын қамтамасыз етіп, елімізде музыкалық дарынды балаларды кәсіби оқытудағы прогрестің қозғаушы күшіне айналды және бүгінде мамандандырылған музыкалық білім берудегі жоғары нәтижелерді, олардың әлемдік музыкалық білім беру стандарттарына сәйкестігін көрсетіп отыр. Мектептің әлемдік музыкалық білім беру кеңістігінде танылуы бұған айқын дәлел болып табылады. Мектеп түлектерінің бәсекеге қабілетті білімі еліміздің музыкалық жоғары оқу орындарына, ТМД, Еуропа және Америка елдерінің беделді жоғары музыкалық оқу орындарына 100% түсуін қамтамасыз етеді.

I.2 Бағдарлама толқужаты

Бағдарлама атауы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған орта музыка мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесін 2025-2030 жылдарға арналған дамыту бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеуге негіздеме	Мектеп қызметінің сыртқы және ішкі жағдайларының өзгеруі, ресурстық қамтамасыз ету қажеттілігі және білім беру процесін одан әрі дамыту
Бағдарламаны әзірлеуші	Авторлық ұжым: М.С. Мусрепова – оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары, Ш.Б. Молдыбаева – педагог
Бағдарлама мақсаты	Мектеп-интернат қызметін барлық бағыттар бойынша жетілдіру, оқушылардың сапалы дайындығын және тұлғалық және негізгі құзыреттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беру ортасының оңтайлы моделін құру, мектепті басқару жүйесін заманауи басқару ғылымы мен менеджментті дамыту тенденцияларына сәйкес жаңарту
Бағдарлама міндеттері	1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жаңа технологияларды пайдалану арқылы білім беру сапасын жақсарту; 2. Педагогтерді курстық даярлау және аттестаттау, педагогикалық тәжірибені тарату арқылы оқу процесін оқу-әдістемелік сүйемелдеуді жандандыру, сауатты кадр саясаты, жұмысқа конкурстық іріктеу арқылы мектептің кадрлық әлеуетін тиімді дамыту; 3. Жобалық және ғылыми қызметке қатысу арқылы оқушыларда зерттеу дағдыларын қалыптастыру; 4. Тәрбие процесін жаңғырту және «Біртұтас тәрбие» бірыңғай тәрбие бағдарламасы негізінде музыкалық дарынды оқушылардың әлеуметтік бейімделген, мәдени тұлғасын тәрбиелеу; 5. Мектептің білім беру кеңістігінің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету, ел және шетел ТЖКББ және ЖОО-ларымен мәдениет және өнер саласындағы, концерттік және шығармашылық ұйымдармен өзара ынтымақтастықты дамыту, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру қажеттіліктерін қанағаттандыруға және мақсаттарға жетуге бағыттау; 6. Оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесін дамыту; 7. Материалдық-техникалық базаны нығайту, мектеп инфрақұрылымы жүйесін дамыту. Балалардың қауіпсіз және жайлы өмір сүруі үшін жағдай жасау.
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен	Бірінші кезең (2025 – 2026 оқу жылы) аналитикалық – жобалаушылық: Соңғы 5 жылдағы мектеп қызметінің нәтижелерін

кезеңдері	проблемалық-бағытталған талдау; • Заманауи музыкалық білім беру қажеттіліктеріне сәйкес мектепті дамыту бағыттарын әзірлеу; • Бағдарламаны іске асырудың стратегиялық жоспарын әзірлеу; • Бағдарламаның іске асырылу сәттілігін мониторингілеу үшін құралдарды әзірлеу. Екінші кезең (2025-2029 оқу жылдары) – іске асырушылық: • Бағдарламаның іс-қимыл жоспарының іс-шараларын іске асыру; • Білім беру және тәрбие жобаларын әзірлеу және іске асыру; • Даму бағдарламасын іске асырудың ғылыми-әдістемелік және нормативтік-құқықтық сүйемелдеуін қамтамасыз ету; • Мектепті дамытудың негізгі бағыттарын табысты іске асыруға ықпал ететін жағдайлар жасау; • Білім беру процесінің барлық қатысушыларын Бағдарламаны іске асыруға тарту; • Бағдарламаны іске асыру мониторингі жүйесін жүзеге асыру, аралық нәтижелерді ағымдағы талдау. Үшінші кезең (2029-2030 оқу жылы) – аналитикалық-қорытындылаушы: • Негізгі бағдарламалық іс-шараларды іске асырудың қорытынды диагностикасы; • Бағдарламаны іске асыру мониторингінің қорытынды нәтижелерін талдау; • Бағдарламалық іс-шараларды жүзеге асырудың оң тәжірибесін жинақтау; • Мектепті одан әрі дамыту стратегиясының мақсаттарын, міндеттерін және бағыттарын айқындау.
Қаржыландыру көздері	Мемлекеттік бюджет қаражаты, демеушілер мен меценаттарды тарту, қайырымдылық қорларының, қауымдастықтардың және т.б. көмегі.

I.3 Мектепті дамыту перспективаларын сипаттау

Қазақстандағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыка мектеп-интернаты ерекше функцияны орындайды – талантты оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, музыка саласында кәсіби мансапқа дайындау және жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру. Заманауи сын-қатерлер оқушыларға музыкалық білім берудің жоғары сапасын ғана емес, сонымен қатар цифрлық, жаһанданған әлемдегі өмірге дайындықты қамтамасыз ету үшін білім беру ортасы мен тәсілдерін қайта қарауды талап етеді. Мектепті дамыту перспективалары келесі бағыттар бойынша жұмысты жетілдіру қажеттілігін көрсетеді:

1. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету. Жоспарлануда:

- оқу корпусының жаңа ғимараттарын, мектеп жанындағы интернат ғимаратын жаңғырту немесе салу, тұрмыстық жағдайларды, тамақтануды жақсарту, оқушылардың бос уақытын, демалыс және өзіндік дайындық аймақтарын ұйымдастыру және т.б.;
- оқу және шығармашылық қызметке қажетті материалдық базаны жаңарту: музыкалық пәндерге арналған залдар мен сыныптарды заманауи музыкалық және акустикалық жабдықтармен, студиялық техникамен жарақтандыру, музыкалық аспаптар (рояльдер, үрмелі, соқпалы, халық аспаптары) сатып алу;
- жалпы білім беретін пәндер бойынша кабинеттерді оқу-тәрбие процесін толыққанды ұйымдастыру үшін заманауи интерактивті жабдықтармен және зертханалармен, оның ішінде цифрлық зертханалармен жарақтандыру.

2. Цифрлық ресурстар мен технологиялар. Жоспарлануда:

- музыкалық оқытуды цифрландыру: онлайн-платформалар мен кітапханаларды, цифрлық ноталық редакторларды және сольфеджио мен музыка теориясына арналған қосымшаларды пайдалану;
- мектеп кітапханасындағы ноталық материалдарды және сирек кездесетін музыкалық басылымдарды, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді және т.б. цифрландыру;
- оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін интерактивті материалдары, жекеленген оқытуы және тапсырмаларды автоматты тексеруі бар цифрлық білім беру платформаларын енгізу;
- жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың белсенділігін және күрделі тақырыптардың көрнекілігін арттыру үшін интерактивті және визуалды технологияларды (AR/VR, виртуалды зертханалар, оқыту симуляциялары мен ойындар) пайдалану;
- EdTech-құралдарымен жұмыс істеуге тұрақты оқыту және гибриді оқыту форматтарын (қашықтық курстар, «аударылған сынып») интеграциялау арқылы педагогтер мен оқушылардың цифрлық құзыреттілігін дамыту;
- қашықтықтан шеберлік сыныптары мен конкурстар: халықаралық білім беру іс-шараларына, өнер көрсетулерге, вебинарларға және виртуалды сахналарға қосылу;
- оқушылардың электронды портфолиосын енгізу: аудио- және бейнежазбаларды, жетістіктерді, дипломдарды және жеке білім беру траекторияларын сақтау үшін;
- ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету, интернет платформалардағы және әлеуметтік желілердегі мектеп парақшаларын заманауи талаптарға сәйкес дамыту.

3. Кадрлық қамтамасыз ету. Жоспарлануда:

- барлық пәндер бойынша педагогтердің сапалық құрамын жақсарту;
- тағылымдамалар мен тәжірибе алмасу: Қазақстанның және шетелдің жетекші музыкалық мекемелерінде педагогтердің біліктілігін арттыру;
- танымал орындаушылар мен оқытушыларды шақыру: шеберлік сыныптарын, шығармашылық кездесулерді өткізу, оқушылардың кәсіби дүниетанымын кеңейту;

- білім беру мазмұнының тұлғалық бағытталуы, фасилитация, ізгілендіру және гуманитарландыру, білім беру ортасының мәдениетке сәйкестігі қағидаттарына негізделген авторлық оқу бағдарламаларын әзірлеу.

4. Білім беру бағдарламалары мен тәсілдері. Жоспарлануда:

- академиялық және жалпы білім беруді интеграциялау: музыкалық пәндер мен гуманитарлық ғылымдар (тіл пәндері, әдебиет, мәдениет тарихы, Қазақстан тарихы, қоғамдық пәндер) арасындағы байланыстарды күшейту;
- оқушылар қызметіне жеке тәсіл: икемді оқу жоспарлары, әр оқушының даму траекториясын ескеру;
- кәсіптік бағдар беру және шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруды қолдау: елдегі және одан тыс жерлердегі мәдениет және өнер саласындағы жоғары оқу орындарына түсуге көмектесу;
- кәсіптік білім беру мекемелеріне түсу кезінде мектеп түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- олимпиадалар мен шығармашылық конкурстар жеңімпаздарының санын арттыру, авторлық жобаларды ұйымдастыру және оларға қатысу;
- барлық пәндер бойынша үздік нәтижелері бар түлектердің санын арттыру;
- білім алушыларда ғылыми ойлау стилін, өзін-өзі білім беру дағдыларын, өзіндік оқытудың одан кейінгі деңгейін жобалау қабілетін қалыптастыру.

5. Мектептің мәдени кеңістігін қалыптастыру. Жоспарлануда:

- мектептің концерттік өмірін дамыту: тұрақты өнер көрсетулер, шығармашылық зертханалар, фестивальдар;
- мәдени ынтымақтастық: филармониялармен, театрлармен, жоғары оқу орындарымен және халықаралық қорлармен серіктестік байланыстар;
- өнер арқылы тәрбиелеу: эмоционалды интеллектті, жауапкершілік сезімін, еңбекқорлықты және Қазақстан мен әлемнің мәдени мұрасына құрметті дамыту.

6. Басқару және менеджмент. Жоспарлануда:

- мектептің Қамқоршылық кеңесін құру;
- мектептің басқару және ұйымдастыру жүйесін нақты құрылымдау;
- педагогикалық жүйенің әрбір компонентінің функционалдық орны мен рөлін айқындау;
- педагогтерді ынталандыру жүйесін қалыптастыру;
- білім беру қызметтеріне қажеттіліктер және оларды мектептің қанағаттандыру дәрежесі, оқушылардың ынталандырылуы, педагогтердің кәсіби деңгейі туралы деректер банкінің болуы;
- басқару жүйесін ақпараттандыру.

Мектепті дамыту музыкалық және жалпы білім берудің жоғары стандарттарын, цифрлық трансформацияны және дарындылықты қолдауды үйлестіретін үйлесімді ортаны құруға бағытталуы тиіс. Бұл тек талантты музыканттарды ғана емес, сонымен қатар заманауи әлемде өмір сүруге және табысқа жетуге дайын, жетілген, әлеуметтік белсенді тұлғаларды тәрбиелеуді қамтамасыз етеді.

II. Бағдарламаның талдамалық және болжамдық негіздемесі блогы

II.1 Мектептің ағымдағы қызметінің жай-күйін, негізгі проблемалар мен олардың себептерін талдау

Мектептің көпжылдық жұмыс тәжірибесі, Қазақстан Республикасы музыкалық білім беруінің жай-күйін талдау мамандандырылған орта музыка мектептерінің негізгі проблемасы оқушылардың шамадан тыс жүктемесі екенін көрсетті: жалпы білім беретін пәндермен қатар балалар кәсіби арнайы музыкалық-теориялық пәндерді тереңдетіп оқиды. Бұл проблемалар оқу жүктемесі және білім берудің базалық мазмұнын меңгеру тұрғысынан қиындықтар туғызады. Оқу жоспарында көзделген пәндерден басқа, мамандандырылған орта музыка мектептерінің оқушылары өз ерекшеліктеріне сәйкес мамандық бойынша жеке шұғылдануға, яғни таңдаған аспаптарында: фортепиано, скрипка, үрмелі аспаптарда және т.б. бастауыш сыныптарда 1-2 сағат, негізгі мектепте – 2-3 және одан да көп сағат, жоғары буында – сенбі, жексенбі және каникул күндерін қоса алғанда, күн сайын 4-5 сағат шұғылдануға мүмкіндік алуы тиіс. Болашақ музыканттардың орындаушылық шеберлік дағдыларын ерте жастан бастап дайындау қажет. Болашақ музыкант-орындаушыларға қойылатын ерекшеліктер мен талаптар осындай: симфониялық оркестрдің қатардағы әртісін дайындау үшін 17-18 жыл оқу қажет, яғни 6 жастан бастап – ЖОО-ны бітіргенге дейін.

Мектепте оқу-тәрбие процесін жаңғырту және жетілдіру үшін кешенді шаралар іске асырылуда. Мектеп 12 жылдық оқыту мерзімі бар мамандандырылған орта музыка мектептері үшін жаңа Үлгілік оқу жоспарларын әзірлеуге және жетілдіруге белсенді қатысады. Мектепте оқыту мерзімдері мен сатыларына байланысты нормативтік-құқықтық құжаттарға өзгерістер енгізілуде. Мектеп қызметінде ішкі нормативтік-құқықтық жергілікті актілер (ережелер, нұсқаулықтар, лауазымдық міндеттер және т.б.) әзірленіп, қолданылуда.

Сабақ кестесінде жеке оқыту үшін қолайлы жағдайлар қарастырылған: оқушыларға дербес жұмыс істеуге, композициямен айналысуға мүмкіндік беру үшін шығармашылық күндер беру; түрлі конкурстарға дайындалуға; оркестрлік сыныптарға (симфониялық, үрмелі, халықтық және басқа да оркестрлер мен ансамбльдерге); бастауыш сыныптарда – физикалық демалуға; спортпен шұғылдануға, секциялар мен үйірмелерге баруға; музыканттардың омыртқа жотасының қисаюы сияқты кәсіптік ауруларының алдын алу үшін және т.б. жағдайлар жасалған.

Жанартылған білім беру мазмұнына көшу арқылы оқушылар ғылым негіздері туралы білімді ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы қоғамдағы өмірге қажетті құзыреттерді де меңгереді. Жалпы білім беретін бөлімдегі критериалды бағалаудың қолданыстағы жүйесі жұмысты жекелендіруге, өзін-өзі бағалау және тұлғалық өсуді жоспарлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушыларға шығармашыл тұлға үшін қажетті қоғамдық-гуманитарлық пәндерді, мысалы, тарих, қазақ және орыс әдебиеті, әлем әдебиеті, әлемдік музыкалық мәдениет тарихы, әлемдік музыкалық әдебиет, қазақ музыкалық әдебиеті, және джаз импровизациясының негіздері, полифония және т.б. пәндерді тереңдетіп оқу мүмкіндігі берілген. Арнайы және музыкалық-теориялық пәндер бойынша ғана емес, жалпы білім беретін пәндер бойынша да білім сапасы артты. Халықаралық,

республикалық және басқа да конкурстар мен фестивальдардың лауреаттарының саны артты.

Салыстырмалы түрде жақында ашылған эстрадалық музыкалық орындаушылық бөлімі дамудың осы кезеңінде оң нәтижелер беруде. Эстрадалық-симфониялық оркестр, Биг Бенд джаз оркестрі, Диксиленд сияқты бірегей шығармашылық музыкалық ұжымдар республикалық және халықаралық деңгейде табысты өнер көрсетуде.

Мектеп әкімшілігі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің іс-шаралар желісіне республиканың дарынды балаларға арналған мамандандырылған орта музыка мектептерінің оқушылары арасында жыл сайынғы жас орындаушылардың республикалық конкурсын енгізу бойынша үлкен жұмыс атқарды. Конкурс ҚР БҒМ-нің 07.12.2021 жылғы № 514 бұйрығымен ресми мәртебеге ие болды. Ол оқушы-музыканттардың кәсіби өсуі үшін үлкен маңызға ие, жас дарындардың шығармашылық дамуына ынталандыру болып табылады.

Мектепте оқушылардың оқуы мен көркемдік практика байланысы табысты жүзеге асырылуда. Шығармашылық ұжымдар әлемдік және ұлттық музыканың жауһарларын насихаттай отырып, қала және республиканың концерттік алаңдарында танымал халық әртістерімен және еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлерімен бірге өнер көрсетеді.

Бұл шаралар мектептің музыкалық дарынды балалармен жұмыс істеуде отандық дәстүрлердің қалыптасуына және танылуына ықпал ететін даму жолымен нақты жүріп келе жатқанын айқын растайды. Оқу орны түлектерінің жоғары кәсіби деңгейі олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, республиканың шығармашылық және педагогикалық ұжымдарында сұранысқа ие болуын және жұмысқа орналасуын, сондай-ақ Астана, Алматы, жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындарында оқуын табысты жалғастыруын қамтамасыз етеді. Мектептің жұмыс істеген жылдары ішінде мектеп педагогтері әртүрлі беделді халықаралық және республикалық конкурстардың екі мыңға жуық лауреаттарын дайындады.

Қазақстандағы музыкалық дарынды балалардың мамандандырылған білім беруінің қазіргі жағдайын талдау музыкалық дарынды балаларды кәсіби даярлауда әлі де шешілмеген мәселелер бар екенін көрсетеді.

1. Әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіз тиімді үйлестірілуі туралы мәселе ашық күйінде қалып отыр. ҚР дарынды балаларға арналған орта мамандандырылған музыка мектептері үшін оқу-тәрбие процесіне ғылыми-әдістемелік басшылықты ұйымдастыру және қамтамасыз ету, қолданыстағы проблемаларды шешу, педагог-музыканттардың біліктілігін арттыру, оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді тарату, осы саладағы жұмыс тәжірибесімен алмасуды жүзеге асыру және т.б. функцияларына кіретін бірыңғай республикалық ғылыми-әдістемелік орталық жоқ.
2. Педагог-музыканттардың біліктілігін арттыру курстарын және халықаралық деңгейде тәжірибе алмасу іс-шараларын ұйымдастыруға қаражат бөлу қажет. Негіздемесі – мектеп педагогтерін ТМД Орталық музыкалық мектептерінде оқыту курстарына жіберуді ұйымдастыру, мектеп педагогтерін оқыту үшін, шеберлік сыныптарын өткізу үшін музыкалық

педагогиканың жетекші мамандарын шақыру және т.б. арқылы музыкалық білім берудің заманауи талаптарына сәйкес педагогтердің біліктілігін арттыру және кәсіби қасиеттерін дамыту қажеттілігі.

3. Мектепті жаңғырту туралы мәселе шешімді талап етеді: оқу залы, асхана, кітапхана, шаруашылық және техникалық үй-жайлары бар жаңа оқу корпусын салу, сондай-ақ мектеп жанындағы интернат ғимаратын салу қажеттілігі. Негіздемесі – сыныптардың, оқу кабинеттерінің жетіспеушілігі, олардың шағын шаршы метрі, ғимараттар мен жабдықтардың заманауи талаптарға сәйкес келмеуі, қалалық оқушылар үшін асхананың болмауы, оқу залының болмауы, басқа қаладан келген балалар үшін мектеп жанындағы интернатта орын жетіспеушілігі және т.б.
4. ТМД музыкалық мектептерінің тәжірибесі бойынша 1-сыныпқа түсетін балалар үшін дайындық бөлімін ашуға қаржыландыруды бөлу қажет. Әлемдік талаптарға сәйкес келетін сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін қажетті музыкалық аспаптарды, мектеп жиһазын, жабдықтарды, компьютерлік техниканы сатып алуға қаражат қажет.
5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттарына ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің педагогтер мен оларға теңестірілген тұлғалардың қызметіне қатысты тиісті құжаттарын сәйкестендіру талап етіледі.

II.2 Мектептің инновациялық әлеуетін бағалау

Мектепті дамытудың инновациялық әлеуеті — бұл білім беру ұйымының білім беру сапасын арттыруға және қоғамның заманауи талаптарына сәйкес келуге бағытталған жаңа идеяларды, технологияларды, оқыту нысандары мен әдістерін жасауға, игеруге және тиімді енгізуге қабілетті ресурстар, жағдайлар және мүмкіндіктер жиынтығы. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл мектептің уақыт талабына сай болу және тез өзгертін әлемдегі өмірге оқушыларды дайындау үшін жаңаруға және дамуға қабілеттілігі.

Инновациялық әлеуетті бағалауға мыналар кіреді:

1. Кадрлық ресурстар.

- жалпы білім беретін және музыкалық бөлімдердің педагогтері арасында АТ құзыреттіліктерін, оқытудың жаңа технологияларын меңгеруде айырмашылық байқалады, себебі педагог-музыканттар білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша жұмыс істемейді;
- педагогтердің көпшілігінің, әсіресе музыкалық пәндер бойынша, жаңа технологияларды меңгеруге және қолдануға дайындығы байқалады;
- педагогтердің зерттеу тәжірибесінің белгілі бір көрсеткіші бар, жеке педагогикалық қызметін зерттеу тәжірибесі бар, жекелеген педагогтер «Action research» немесе «іс-әрекеттегі зерттеуді» қолданады, бұл мұғалімнің күнделікті істегенін жалпы бағалау, сондай-ақ мұғалімнің рефлексиясының заманауи түрі болып табылады; сабақтарға өзара қатысуды, белсенді топтық жоспарлауды, бақылауды, талдауды көздейтін «Lesson Study» тәсілі қолданылады;

- педагогтер жұмыста шығармашылық және зерттеушілік тәсілдерді қолданады; желілік жобаларға, ғылыми-практикалық конференцияларға, тағылымдамаларға қатысуға қызығушылық танытады.

2. Материалдық-техникалық база

- қолда бар жабдықтар мен цифрлық инфрақұрылым қазіргі заманғы талаптарға жеткіліксіз дәрежеде сәйкес келеді;
- оқу зертханалары, асхана, кітапхана, оқу залы, креативті кеңістіктер, медиа орталықтар жоқ; музыкамен айналысуға арналған кабинеттер, сыныптар, залдар және т.б. жетіспейді; мектеп жанындағы интернатта басқа қаладан келген балаларды тұрғызуға орын жеткіліксіз.

3. Ұйымдастыру-басқару жағдайлары

- кадрларды басқарудың икемді жүйесі, педагогтердің бастамаларын қолдау бар;
- мектепті дамытудың стратегиялық жоспарлауы жүргізілуде;
- сыртқы ұйымдармен (ЖОО, ҒЗИ, бизнес) серіктестік жүйесін дамытуды талап етеді;
- мектептік өзін-өзі басқаруды жетілдіру, бастамашылықты, дербестікті арттыру және жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық қасиеттерін дамыту талап етіледі;
- ата-аналар қауымдастығының педагогикалық ұжыммен және мектеп әкімшілігімен өзара іс-қимылын нығайту талап етіледі.

4. Мектеп мәдениеті

- педагогикалық ұжым мектептің көпжылдық үздік білім беру, мәдени дәстүрлерін ұстанады және молайтады, педагогтер мен музыканттар ұрпақтары арасындағы сабақтастық жүзеге асырылады;
- әкімшілік пен педагогтердің жаңалыққа ашықтығы, инновациялар мен эксперименттік қызметті қолдауы байқалады;
- болашақ Қазақстан мәдениетінің өкілдері және өз елінің, өз мектебінің патриоттары болып табылатын балаларды тәрбиелеудің «Байсейітовалық» дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа мұқият берілуде;
- білім беру процесі субъектілері арасында ынтымақтастықтың, шығармашылықтың және сенімнің қолайлы атмосферасы қалыптастырылған.

5. Ақпараттық және цифрлық ресурстар

- цифрлық платформаларды, қашықтықтан оқыту нысандарын пайдалануды ретке келтіру қажет.
- оқытуды жекелендіру үшін үлкен деректермен және аналитикамен жұмыс істеу.
- ЖИ, VR/AR, онлайн-зертханаларды және басқа да заманауи құралдарды меңгеру.

Неліктен бұл маңызды? Инновациялық әлеует мектепке келесі мүмкіндіктерді береді:

- өзгерістерге тез бейімделу;
- тұлғалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- сапалы жаңа білім беру кеңістігін құру;

- балаларда ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыру: сыни ойлау, креативтілік, коммуникация, коллаборация, цифрлық сауаттылық.

Инновациялық әлеуетті бағалау мектепті қажетті материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейінің төмендігін көрсетсе де, сонымен бірге педагогтердің жаңашылдыққа және білім берудің заманауи әдістері мен технологияларын пайдалануға ұмтылысы мен дайындығын көрсетеді және Бағдарламада көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін қанағаттанарлық болып табылады.

II.3 Педагогтердің және олардың кәсіптік бірлестіктерінің мектепті дамыту перспективалары мен бағыттары туралы пікірін зерделеу

Жүргізілген сауалнамаға сәйкес, барлық бөлімдердің педагогтері мектепті дамыту перспективаларын инновациялық оқыту мен тәрбиелеу технологияларын енгізумен, цифрлық ресурстарды, жасанды интеллектті сауатты қолданумен байланыстырады. Педагогтер кәсіби құзыреттіліктер мен мамандыққа деген сүйіспеншілікке, музыкалық дарынды оқушылардың мотивациясын арттыру біліктілігіне маңызды рөл береді.

Педагогтердің пікірінше, мектепті дамытудың маңызды бағыттары мыналар:

- Оқытудың барлық сатыларында МЖБС және Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу бағдарламаларын табысты меңгеру;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын және сыни ойлауын қалыптастыру;
- Оқушы-музыканттардың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау;
- Қазақстанның музыкалық білім берудің үздік дәстүрлерін сақтау және молайту;
- Еліміздің, жақын және алыс шетелдердің мәдениет саласындағы жоғары оқу орындарына түсу үшін оқушылардың бәсекеге қабілетті тұлғасын дамыту.

Педагогтер педагогтердің даму қажеттілігі мен олардың әдістемелік сүйемелдеуінің қалыптасқан тиімсіз жүйесі арасында туындаған бірқатар қайшылықтарды шешу үшін келесіні ұсынады:

- Практикада әдістемелік сүйемелдеудің технологиялық тізбегін құру, онда тек бақылау немесе мезгіл-мезгіл ұсыныстар беретін жеке субъекті емес, жүйелі түрде мамандарды сүйемелдеу бойынша өз қызметін құратын бірқатар мамандар қатысады. Бұл кәсіби құзыреттілікті арттыруға, маманның кәсіби және тұлғалық әлеуетін іске асыруға, мұғалімнің шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етуге, бірыңғай білім беру кеңістігін құру бойынша тәжірибелі және жас педагогтердің күш-жігерін біріктіруге көмектеседі.
- Негізгі күш-жігерді педагогтің бастамашыл, белсенді тұлғасын, өзін-өзі дамыту және кәсіби деңгейін арттыру қажеттілігін, балалармен, ата-аналармен және әріптестермен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ оқытуға заманауи тәсілдерді ескере отырып, тәрбие-білім беру процесін жоспарлауға үйретуге бағыттау.

II.4 Мектепте ұсынылған өзгерістердің күтілетін салдарларын болжау және оларды іске асырудың тәсілдері мен нысандары бойынша ұсыныстар

Білім беру жүйесінің қазіргі заманғы сын-қатерлері жағдайында музыка мектептері оқыту тәсілдерін, оқыту әдістемелерін және оқу процесін ұйымдастыруды жаңартуды қажет етеді.

• Цифрлық технологияларды енгізу

Оң салдарлары:

- ✓ Оқытудың қолжетімділігін, тиімділігін және сапасын арттыру;
- ✓ Оқушылар мен педагогтердің цифрлық сауаттылығын дамыту, педагогтердің сапалық құрамын жақсарту;
- ✓ Оқытуды жекелендіру мүмкіндігі;
- ✓ Оқыту процесін музыкалық білім берудің заманауи үрдістеріне сәйкес жаңғырту.

Ықтимал тәуекелдері:

- ✓ Мектепті техникалық қайта жабдықтаудың қиындықтары;
- ✓ Цифрлық материалдарды дайындауға байланысты оқытушыларға түсетін жүктеменің артуы;
- ✓ Педагогтердің бір бөлігінің қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі.

• Педагогтердің жобалық және зерттеу қызметін күшейту

Оң салдарлары:

- ✓ Өз педагогикалық қызметін зерттеу дағдыларын, АТ технологияларын қолдану біліктілігін қалыптастыру;
- ✓ Әртүрлі жобалармен жұмыс істеудегі құзыреттіліктерді дамыту, әртүрлі дереккөздерден ақпаратпен жұмыс істеу біліктілігін дамыту;
- ✓ Педагогтер мен оқушылардың өңірлік, республикалық және халықаралық жобаларға қатысуы арқылы мектеп имиджін арттыру.

Ықтимал тәуекелдері:

- ✓ Оқушылар мен педагогтердің басқа қызмет түрлерімен шамадан тыс жүктелуі;
- ✓ Қосымша қаржыландыру қажет.

Өзгерістерді жүргізу тәсілдері мен нысандары

1. **Пилоттық енгізу.** Өзгерістерді алдымен жеке сыныптар немесе бөлімдер базасында пилоттық жобалар түрінде жүргізу, кейіннен нәтижелерді талдау және тәсілдерді түзету.
2. **Педагогтердің біліктілігін арттыру.** Жаңа әдістемелер мен цифрлық құралдарды меңгеруге бағытталған тұрақты курстарды, шеберлік сыныптарын және тағылымдамаларды ұйымдастыру.
3. **Икемді білім беру бағдарламасын әзірлеу.** Оқу бағдарламаларын, қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарларды музыкалық дарынды оқушыларды оқыту ерекшелігіне бейімдеу, оларды жобалық-зерттеу қызметіне тарту.
4. **Мектептің цифрлық платформасын құру.** Оқу материалдарын орналастыру, сабақтарға жазылу, ішкі коммуникация үшін бірыңғай онлайн-кеңістік әзірлеу.

5. **Ата-аналар мен серіктес ұйымдарды тарту.** Жаңа бастамаларды қолдау үшін ата-аналармен, мәдениет мекемелерімен, қорлармен және бизнеспен белсенді өзара іс-қимыл.

Мектепте өзгерістер жүргізу жүйелі тәсілді, дәстүрлерге мұқият қарауды және сонымен бірге инновацияларға ашықтықты талап етеді. Дұрыс іске асырылған жағдайда, өзгерістер музыкалық білім беруді оның терең мәдени құндылығын жоғалтпай, анағұрлым заманауи, икемді және тиімді етуге мүмкіндік береді.

II.5 Оқушылардың ата-аналарына білім беру процесінің мазмұнына қанағаттану дәрежесін зерделеу үшін сауалнама жүргізу және сұхбат алу

Жүргізілген сауалнамаға сәйкес, «4» немесе «5» бағасын қойған қанағаттанған ата-аналардың пайызы жалпы жауаптар санының 75%-ын құрайды. Бұл ата-аналардың көпшілігі білім беру қызметтеріне қанағаттанудың жоғары деңгейін білдіретінін, психологиялық ахуалдың оңдылығын және музыкалық пәндерді оқыту сапасын атап өткенін көрсетеді.

III. Бағдарламаның пайымдауы

III.1 Өзектілігі

Ұсынылып отырған өзгерістер келесі өзекті мәселелерді шешуге бағытталған:

- Жұмыс түрлерінің шамадан тыс жүктелуіне байланысты оқушылардың оқуға деген қызығушылығының төмендеуі;
- Мектептегі музыкалық оқыту әдістемелерінің заманауи білім беру стандарттары мен цифрлық шындықтан артта қалуы;
- Мектептің басқа жалпы білім беретін ұйымдармен жеткіліксіз интеграциясы.

Цифрлық технологияларды енгізу, оқу және жобалық қызметті кеңейту білім беруді жаңарту міндеттеріне сәйкес келеді. Бұл өзгерістер білім беру сапасын арттыру және мектеп оқушыларының музыкаға, сондай-ақ ғылымға тұрақты қызығушылығын қалыптастыру мақсаттарына жетуге бағытталған.

III.2 Шынайылығы

Жобаны іске асыру сауатты ұйымдастыру және кезең-кезеңімен енгізу арқылы мүмкін болады:

- Кадрлық ресурстар: педагогтердің базалық дайындығы бар, біліктілікті арттыруды түрлі уәкілетті институттар базасында жүзеге асыруға болады.
- Материалдық-техникалық жағдайлар: базалық цифрлық инфрақұрылым қазірдің өзінде бар, ал қосымша жабдықтауды жобаны кеңейту барысында жүргізуге болады.
- Серіктестік байланыстар: мектеп мәдениет бағытындағы жоғары оқу орындарының, жергілікті мәдениет мекемелерінің, ата-аналар комитеттерінің және қайырымдылық қорларының қолдауын пайдалануға дайын.
- Қаржылық құрауыш: біртіндеп енгізу ірі біржолғы инвестицияларды қажет етпейді және қажетті қызмет түрлерін қаржыландырумен қатар жүруі мүмкін.

III.3 Кешенділігі

Өзгерістер мектеп қызметінің бірнеше аспектісін қамтиды:

- Оқу процесі (бағдарлама мазмұнын жаңарту, сабақтың жаңа түрлері, оқытуды жекелеңдіру);
- Технологиялық жаңғырту (цифрлық құралдарды, онлайн-ресурстарды енгізу);
- Әлеуметтік-мәдени орта (жобалық қызметті кеңейту, сыртқы аудиториямен өзара іс-қимылға ашықтық);
- Педагогтердің кәсіби дамуы (біліктілікті арттыру жүйесі, ішкі әдістемелік жұмыс);
- Ұйымдастырушылық тетіктер (оқу жүктемесін басқарудың, мониторингтің және кері байланыстың жаңа модельдері).

IV. Бағдарламаның миссиясы

IV.1 Мектептің мақсатын барлық білім беру қызметтерін тұтынушылардың мүдделерін ескере отырып стратегиялық нысаналы орнату

К.Байсейітова атындағы мектептің жұмыс тәжірибесін, жетістіктері мен даму проблемаларын талдау мынадай миссияны тұжырымдауға мүмкіндік береді: мектепте мамандандырылған музыкалық және жалпы орта білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ететін жүйелі дамып келе жатқан технологиялық білім беру ортасын құру.

IV. Бағдарламаның миссиясы

IV.1 Мектептің мақсатын білім беру қызметтерінің барлық тұтынушыларының мүдделерін ескере отырып, стратегиялық нысаналы орнату

К. Байсейітова атындағы мектептің жұмыс тәжірибесін, жетістіктері мен даму проблемаларын талдау мынадай миссияны тұжырымдауға мүмкіндік береді: мектепте мамандандырылған музыкалық және жалпы орта білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ететін жүйелі дамып келе жатқан технологиялық білім беру ортасын құру.

Бағдарламаның миссиясы білім беру процесінің негізгі қатысушыларының даму міндеттері деңгейінде нақтыланған.

Білім алушылар деңгейінде:

- Жеке және жалпы игілікке қамқорлық жасау, ұлттық мәдениет құндылықтарын сақтау және дамыту білігі.
- Келесі әмбебап құзыреттерді меңгеру:
 - ✓ Өзін-өзі дамыту, негізгі құзыреттерді және функционалдық дағдыларды меңгеру қабілеті.
 - ✓ Тиімді коммуникация және өзара іс-қимылды ұйымдастыру қабілеті.
 - ✓ Шешім қабылдау және қабылданған шешім үшін жауапкершілік алу қабілеті мен білігі.
 - ✓ Музыкант-орындаушы дағдыларын жоғары кәсіби деңгейде меңгеру, сондай-ақ өзін-өзі, өз қажеттіліктерін түсіну, кәсіби салада өзін-өзі танытуға дайындық пен ұмтылыс.

Педагогтер деңгейінде:

- Білім беру процесінің технологияларын, оның ішінде тұлғаға бағытталған технологияларды және АКТ-ны меңгеру; оларды білім беру процесінде пайдалану.
- Педагогтің кәсіби стандартында айқындалған және МЖБС іске асыру кезінде болжанатын кәсіби құзыреттерді меңгеру.
- Пәндік, ақпараттық-білім беру және әлеуметтік-мәдени ортаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қойылған міндеттердің шешімін табу білігі.

Білім алушылардың ата-аналары (занды өкілдері) деңгейінде:

- Балаларды оқыту мәселелерінде өзара құрмет және серіктестік.
- Мектеп істеріне мүдделі қатысу.
- Балалардың қызығушылықтарын, олардың жетістіктерін көтермелеу.
- Басқаруға және жобалауға қатысу.

IV.2 Мектеп қызметінің бірегейлігі

Музыка мектебінің өзі — тұлғаның білім беруін, тәрбиесін және көркемдік дамуын біріктіретін бірегей білім беру мекемесі. Мамандандырылған музыка мектебінің қызметі басқа білім беру ұйымдарынан бірқатар ерекшеліктерімен ерекшеленеді: көркемдік-эстетикалық ойлауды қалыптастыру, жеке-топтық оқыту нысаны, көпсатылы даму жүйесі, мәдени дәстүрлерді сақтау және беру, білім беру мен шығармашылық практиканы біріктіру, аймақтың мәдени ортасына әсер ету. Сондықтан ол білім беру, тәрбиелеу және мәдени функцияларды біріктіре отырып, баланың жеке басына және тұтастай қоғамға терең және көпқырлы әсер етуімен бірегей болып табылады.

Байсейітова мектебі қызметінің бірегейлігін құрайтындар:

1. Жалпы және кәсіби музыкалық білім беруді үйлестіру арқылы оқушылар бір мезгілде алады:
 - Толыққанды жалпы орта білім (1–12 сыныптар);
 - Кәсіби мамандықтардың бірі (фортепиано, ішекті, үрмелі, халық аспаптары және т.б.) бойынша тереңдетілген музыкалық дайындық;
 - Концерттік, ансамбльдік және оркестрлік практикаға қатысу мүмкіндігі.
2. Көптілділік және бүкіл ел бойынша талантты балаларға қолжетімділігі. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі, ал интернаттық формат Қазақстанның барлық өңірлерінен, оның ішінде шалғайдағы ауылдық жерлерден оқушыларды тартуға мүмкіндік береді.
3. Көрнекті педагогтер және дәстүрлер сабақтастығы. Мектептің педагогикалық құрамында еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері, халықаралық конкурстардың лауреаттары және жоғары музыкалық оқу орындарының оқытушылары бар. Мектепте академиялық музыкалық білім берудің, оның ішінде қазақ ұлттық орындаушылық өнерінің үздік дәстүрлері сақталып, дамытылуда.

4. Қазақстанның мәдени мұрасына қосқан үлесі. Мектеп Құлаш Байсейітованың – қазақтың аты аңызға айналған опера әншісінің есімін иеленеді. Бұл оның миссиясын ерекше көрсетеді: тек қана оқыту емес, сонымен қатар ұлттық музыка мектебінің жана буынын қалыптастыру және жалғастырушылар. Мектеп түлектері Қазақстанда және шетелдерде ірі сахналарда өнер көрсетіп, елдің мәдени имиджін қалыптастырады.
5. Халықаралық танымалдылық және серіктестік. Мектеп шетелдік жоғары оқу орындарымен белсенді ынтымақтасады және халықаралық конкурстарға қатысады, одан оқушылар марапаттармен оралады. Бұл оны тек ұлттық ғана емес, сонымен қатар халықаралық білім беру және мәдени ортада маңызды ойыншы етеді.

V. Бағдарламаның стратегиялық блогы

V.1 Байсейітова мектебінің Қазақстанның орта білім беру жүйесіндегі орны мен рөлі

Мектеп 1948 жылы Мәскеу консерваториясы жанындағы Орталық музыка мектебінің үлгісімен құрылған және Қазақстандағы музыкалық дарынды балаларға арналған алғашқы мамандандырылған оқу орны болды. 1957 жылы оған көрнекті қазақ әншісі Құлаш Байсейітованың есімі берілді, бұл оның елдің мәдени өміріндегі маңыздылығын көрсетеді. 2000 жылдан бастап мектеп 12 жылдық оқыту мерзімі бар республикалық мемлекеттік мекеме мәртебесіне ие. Мектеп кешенді білім береді, келесілерді біріктіреді:

- **Жалпы орта білім:** бастауыш, негізгі және орта буын (1–12 сыныптар).
- **Мамандандырылған музыкалық білім:** фортепиано, ішекті, үрмелі және соқпалы аспаптар, халық аспаптары, хор және оркестрлік дирижерлеу, музыка теориясы, тарихы және композицияны қоса алғанда, 10 музыкалық мамандық бойынша оқыту.
- **Шығармашылық ұжымдар:** симфониялық, эстрадалық-симфониялық, халықтық, үрмелі оркестрлер, ансамбльдер және оқушылар хоры. Оқыту екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі, бұл елдің әртүрлі өңірлерінен келген оқушылардың интеграциясына ықпал етеді.

Мектеп республикалық және халықаралық музыкалық конкурстарға белсенді қатысады, Қазақстанда музыкалық мәдениетті дамытуға ықпал ете отырып, концерттер мен шеберлік сыныптарын ұйымдастырады. Оның түлектері беделді конкурстардың лауреаттары, музыкалық оқу орындарының оқытушылары, сондай-ақ оркестрлер мен театрлардың солистері болады.

Құрылған сәттен бастап мектеп елдің кәсіби музыкалық элитасын қалыптастыруда, Қазақстанда музыкалық білім берудің сабақтастығы мен дамуын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарды.

V.2 Болашақта тиімді жұмысты қамтамасыз ету мақсатында мектепті дамыту стратегияларын таңдау және кезеңдерін болжау

К.Байсейітова атындағы мектеп жоғары білікті музыканттарды қалыптастыру және музыкалық дарынды балаларды дамыту сияқты бірегей миссияға ие. Білім беру және мәдениет саласындағы қарқынды өзгерістер жағдайында мектеп дәстүрлерді сақтап қана қоймай, сонымен бірге заманауи сын-көзқарастарға икемді бейімделуі қажет.

Мектепті дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары:

1. Білім беру процесін жаңғырту:

- Цифрлық технологияларды оқу процесіне интеграциялау;
- Музыкалық ерекшеліктерді ескере отырып, авторлық әдістемелерді әзірлеу;
- Жаңа курстарды енгізу: қазіргі заманғы музыка тарихы, музыкалық маркетинг, сахналық мінез-құлық.

2. Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту:

- Халықаралық конкурстарға, алмасуларға, онлайн-форумдарға қатысу;
- Шетелдік музыкалық мектептермен және консерваториялармен келісімшарттар жасасу;
- Шеберлік сыныптарына шетелдік педагогтер мен шеберлерді тарту.

3. Инфрақұрылымды және оқыту жағдайларын дамыту:

- Оқу аудиторияларын, концерт залын, кітапхананы жаңғырту;
- Заманауи аспаптар мен жабдықтарды (оның ішінде цифрлық) енгізу;
- Интернаттағы жағдайларды, оқушылардың тамақтануы мен бос уақытын жақсарту.

4. Кадр стратегиясы:

- Педагогтердің біліктілігін арттыру, шетелдік жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өту;
- Тәлімгерлік және сабақтастық бағдарламасы;
- Ішкі әдістемелік қызметті дамыту.

5. Мектепті мәдени орталық ретінде орналастыру:

- Ашық концерттер, фестивальдар, форумдар өткізу;
- Театрлармен, филармониялармен, шығармашылық одақтармен ынтымақтастық;
- Мектептің музыкалық YouTube-арнасын немесе медиаплатформасын құру.

Күтілетін нәтижелер:

- Түлектерді даярлау сапасының және олардың халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігінің артуы.
- Мектептің жетекші мәдени және білім беру орталығы ретіндегі имиджін нығайту.
- Қазақстанның барлық өңірлерінен және жақын шетелдерден талантты балалар үшін мектептің тартымдылығын арттыру.
- Дәстүрлер мен инновацияларды біріктіретін тұрақты даму моделін қалыптастыру.

V.3 Мектептің инновациялық әлеуетін дамыту және оған жету

Инновациялық әлеует — бұл білім беру сапасын жақсартуға және оқушылар тұлғасын дамытуға бағытталған жаңа идеяларды, технологияларды және жұмыс нысандарын құруға, қабылдауға және енгізуге білім беру мекемесінің қабілеті. Қ. Байсейітова атындағы мектеп үшін елдің жетекші музыкалық оқу орны ретінде инновациялық әлеуетке мыналар кіреді:

- Педагогтердің кәсіби дамуы;
- Білім беру бағдарламаларының икемділігі;

- Заманауи мәдени және технологиялық трендтерге ашықтық;
 - Сыртқы серіктестермен белсенді өзара іс-қимыл;
 - Музыкалық және жалпы білім беруде цифрлық ресурстарды пайдалану.
- Инновациялық әлеуетті дамытудың өзекті бағыттары:

Білім беру инновациялары:

- Теориялық пәндер үшін интерактивті платформаларды пайдалану (мысалы, сольфеджио, музыка теориясы);
- Оқушылардың жобалық-зерттеу жұмысы (авторлық композициялар, аранжировкалар, бейне сабақтар жасау).

Әдістемелік инновациялар:

- Қазақ музыкалық мәдениетінің ерекшеліктерін ескеретін авторлық бағдарламаларды әзірлеу және сынақтан өткізу;
- Пәнаралық тәсіл – тарихты, әдебиетті, драматургияны музыкалық оқытуға интеграциялау;
- Оқушылардың қабілеттері мен мақсаттарын ескере отырып, жеке даму траекторияларын енгізу.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық инновациялар:

- Ішкі инновациялық топты құру (өзгерістердің бастамашы-педагогтері);
- Оқу процесі мен оқушылардың жетістіктерінің цифрлық мониторингін енгізу;
- Педагогикалық тәлімгерлік және ішкі оқыту ортасын қалыптастыру.

Шығармашылық-мәдени инновациялар:

- Заманауи концерттік форматтарды әзірлеу (онлайн-трансляциялар, мультимедиялық жобалар, музыкалық блог);
- Жас композиторлармен, дыбыс режиссерлерімен, дизайнерлермен бірлескен жобалар;
- Оқушылардың өнер көрсетулерін жазу және ілгерілету үшін мектептің медиа орталығын құру.

3. Инновациялық дамуға қол жеткізу жолдары

Бағыттар	Іске асыру механизмдері
Педагогтердің біліктілігін арттыру	Курстар, тағылымдамалар, әдістемелік зертханалар, халықаралық форумдарға қатысу.
Материалдық-техникалық жабдықтау	Аспаптарды, жабдықтарды, цифрлық техниканы жаңарту.
Серіктестік	Консерваториялармен, IT-компаниялармен, мәдени мекемелермен ынтымақтастық.
Оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту	Оқушыларды шешім қабылдауға, шығармашылық кеңестерге, кураторлық топтарға тарту.
Инновациялық орта құру	Эксперименттерге арналған кеңістіктер: дыбыс жазу студиялары, креативті сыныптар, цифрлық кітапхана.

Күтілетін нәтижелер

Ұсынылған өзгерістерді іске асыру нәтижесінде мектеп келесі нәтижелерге қол жеткізеді деп күтілуде:

- Музыкалық білім беру сапасының артуы заманауи технологиялар мен тәсілдерге сүйене отырып.
- Оқушылар мен педагогтердің шығармашылық әлеуетінің кеңеюі.
- Мектепте инновациялық білім беру мәдениетінің қалыптасуы.
- Дарынды балалар мен мамандарды тарту және ұстап қалу.
- К.Байсейітова атындағы мектептің Қазақстандағы және одан тыс жерлердегі инновациялық музыкалық білім беру орталығы ретіндегі мәртебесінің нығаюы.

VI. Бағдарламаның алға қойған мақсатына жету жолдары

VI.1 Бағдарламаны іске асыру жоспарын әзірлеу

VI.2 Бағдарламаны іске асыру бойынша іс-қимылдарды ұйымдастыру және үйлестіру, оның мақсаттарына, міндеттеріне уақтылы және толық жету және күтілетін нәтижелерді алу

VII. Бағдарламаны іске асырудың күтілетін нәтижелерін сипаттау

VII.1 Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қол жеткізілетін білім беруді ұйымдастырудағы оң өзгерістер

Күләш Байсейітова атындағы мектептің елдегі инновациялық дамып келе жатқан музыкалық білім беру ортасына белсенді қатысуы білім алушылар мен педагогтердің ақпараттық-білім беру қызметінің спектрін кеңейтуге ынталандырады және білім беру сапасын арттыруға әкеледі.

Мектепті дамыту бағдарламасы білім беру сапасын жаңа ұйымдастырушылық тетіктер негізінде арттыру және бейіндік оқытуға деген сұраныстарды ескере отырып, білім беру қызметінің тиімділігін арттыратын инновацияларды енгізу, мектепті дамытуды басқару нысандарын кеңейту сияқты стратегиялық міндеттерді шешуге ықпал етеді.

Дамудың стратегиялық міндеттері мектептің білім беру қызметінің келесі құндылықтарына бағдарлануды көздейді:

- Білім беру сапасы, оны білім алушылардың қабілеттерін іске асыруды және жеке жетістіктердің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті мазмұнға, технологияларға және білім беру жағдайларына қойылатын жоғары талаптар ретінде қарастыруға болады.
- Заманауи білім беру ортасы баланың білім беру сұраныстарын іске асыру шарты ретінде.
- Педагогтің кәсіби құзыреттілігі, оқыту процесінде оқушылардың дербес және бастамашыл қызметін әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге қабілетті.
- Денсаулық, тұлғаның басты құндылығы және маңызды әлеуеті ретінде.
- Оқушылардың белсенді рухани-адамгершілік, әлеуметтік, азаматтық ұстанымы, олардың әлеуметтенуі мен өзін-өзі танытуының шарты ретінде.
- Әріптестік әлеуеті, білім беру сапасын арттыру мақсатында ресурстардың интеграциясын қамтамасыз ететін.

- Басқару әлеуеті, білім беру сапасын дамыту, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, мектептің инновациялық дамуы үшін жағдай жасау бойынша жүйелі жұмысты көздейтін.

VII.2 Күтілетін нәтижелер Бағдарламаны іске асыру мерзімі аяқталғанға дейін сапалық және/немесе сандық тұрғыда тұжырымдалады.

Бағдарламаны іске асырудың күтілетін нәтижелері:

1. Мектеп оқушыларының музыкалық-теориялық және жалпы білім беретін пәндер бойынша оқыту сапасының артуы:
 - Халықаралық және республикалық конкурстардың, пәндік олимпиадалардың, ғылыми жобалар конкурстарының лауреаттары санының өсуі:
 - музыкалық пәндер бойынша – 60%-ға дейін,
 - жалпы білім беретін пәндер бойынша – 25%-ға дейін.
 - Білім сапасының өсуі:
 - музыкалық пәндер бойынша – 100%-ға дейін,
 - жалпы білім беретін пәндер бойынша – 95%-ға дейін.
2. Оқытушылар құрамының педагогикалық құзыреттілік деңгейінің артуы (санаттардың жоғарылауы, жаңа дәрежелер, атақтар, марапаттар алу):
 - педагог-шеберлер – 10%-ға дейін,
 - педагог-зерттеушілер – 45%-ға дейін,
 - педагог-сарапшылар және педагог-модераторлар – 44%-ға дейін.
3. Оқу-тәрбие процесіне оқытудағы жаңа тәсілдерді және жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды енгізу және тәжірибе алмасу бойынша өткізілетін іс-шаралар санының ұлғаюы (шеберлік сыныптары, семинарлар, конференциялар, сабақтар):
 - мектеп базасында республикалық семинарлар – жылына 4 семинар,
 - мектеп базасында шеберлік сыныптары, конференциялар, сабақтар – жылына 20-25-ке дейін.
4. Мектеп педагогтерінің жұмыс тәжірибесінің республикада таралуы, әдістемелік және оқу әдебиеттерінің, сабақ әзірлемелерінің және басқа материалдардың (жарияланымдар, мақалалар жинақтары, ОӘК, әдістемелік ұсыныстар) баспа материалдары санының өсуі:
 - жылына 50%-ға дейін педагогтердің қатысуымен.
5. Мәдениет және өнер саласындағы жоғары оқу орындарының үздік түлектері қатарынан оқытушылар құрамының санының ұлғаюы, мәдениет қайраткерлерін педагогикалық практикаға тарту.
6. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен, марапаттар мен атақтар алған педагогтер санының өсуі.
7. Оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту, оқушылар ұйымдастырған жалпы мектептік патриоттық және рухани-адамгершілік бағыттағы іс-шаралар санының өсуі.
8. Мектеп ұжымдарының концерттік өнер көрсетулері санының ұлғаюы, концерттермен мемлекеттен тыс жерлерге шығу.

9. Мектеп оқушыларының беделді республикалық және халықаралық конкурстарға қатысуы үшін түрлі көздерден, оның ішінде бюджет қаражатынан қаржыландыруды қамтамасыз ету, демеушілік көмек есебінен гранттар мен стипендиялар тағайындау.
10. БАҚ-та, интернет-ресурстарда мектеп-интернат қызметінің нәтижелерін жариялау. Классикалық музыкалық және ұлттық мәдениетті бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау:
- БАҚ-та және әлеуметтік желілерде педагогтер мен оқушылармен сұхбаттар – жылына кемінде 25 сұхбат,
 - жарияланымдар, клиптер, музыкалық челленджер, стористер, музыканттармен және музыка сыншыларымен тікелей эфирлер – тұрақты негізде.
11. Мектеп қызметкерлерінің музыкалық білім беру саласындағы мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді шешуге қатысуы.

Келісілді:

Директордың музыка жөніндегі орынбасары
Директордың оқу жөніндегі орынбасары
Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары



Сурапбергенова С.А.
Мусрепова М.С.
Сокпаева А.А.